

Қару-жарақтың, әскери өнімнің және екіұдай мақсаттағы өнімнің экспорты-импорты жөніндегі жекелеген мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 19 наурыз N 278

Қару-жарақтың, әскери өнімнің және екіұдай мақсаттағы өнімнің экспорты-импорты мәселелері бойынша экспорттық бақылау жүйесін және ақпаратты қорғау жүйесін жетілдіру мен дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 - 4 . < * >

Ескерту. 1-4 тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.12.14. N 1917 қаулысымен.

5. Күпия.

6. Арнайы мүлікті экспорттау мен импорттауды ұйымдастыру және Қазақстан Республикасына әртүрлі қару-жарақты, әскери техниканы және екіұдай мақсаттағы өнімді өндіру мен олардың жаңа түрлерін сатып алуға инвестициялар тарту үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі "Қару-жарак" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның сенімді шетелдік әріптестерін іздестіру жөнінде шаралар қабылдасын.

7 . < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300 қаулысымен

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.12.14. N 1917 қаулысымен .

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қару-жарак" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1771 қаулысына :

атауындағы және 2-тармақтағы "Қорғаныс министрлігі" деген сөздер " Премьер-Министрінің Кеңсесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1039 қаулысымен.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

19 наурыздағы

№ 278 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қару-жарақтың
әскери өнімнің және екіұдай мақсаттағы өнімнің
экспорты-импорты жөніндегі үкіметтік комиссияның**

Құрылымы

- Балғымбаев Нұрлан - Қазақстан Республикасының
Өтепұлы Премьер-Министрі, төраға
- Тілеубердин Алтай - Қазақстан Республикасының
Абылайұлы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы,
төрағаның орынбасары
- Елубаев Бауыржан - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ысқақұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)
- Алтынбаев Мұхтар - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Қапашұлы министрі
- Тоқаев Қасымжомарт - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Кемелұлы істер министрі
- Кәкімжанов Зейнолла - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Халидоллаұлы кіріс министрі
- Әблязов Мұхтар - Қазақстан Республикасының Энергетика,
Қабылұлы индустрия және сауда министрі